

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ

«Жұлдыз-ай» Тамды бобекжай-балабақшасы

Тақырыбы:

«Күзгі асар» жәрменкесі

Өткізген: Дуйсенбаева Г.А

Қоянбаева Н.А

2024 - 2025 оқу жылы

Раушан:

Көк майсалы көрікті,
Алқаптағы көпегін.
Бұл күндері киіпті,
Сары жібек көйлегін.
Ағаштардан жамырап,

Балалар ортаға аралас ортаңғы топ бүлдірішіндерін «Алтын күз» әнімен шақырайық.

Тәрбиеші: Ал енді ортаға түрлі - түсті жәрмеңкемізге өздерінің күзгі қоржындарын арқалап ата - аналармен балалар келіп калыпты, қарсы алайық.

1 топ “Қызылдар”

2 топ “Қызғылсарылар”

3 топ “Күлгіндер”

4 топ “Жасылдар”

5 топ “Сарылар”

Жүргізуші: Әр топ өз қоржындарында қандай көкөністер мен жемістер бар екенін айтады.

Қандай әдемісіңдер балалар! Енді әр топ өздерінің дайындап алып келген ойындарын кезек - кезек көрсетеді.

Би: «Флешмоб»

Ойын: «Жемістер мен көкөністер»

Тәрбиеші: Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі «Күзгі асар » атты жәрмеңкемізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз. Сау болыңыздар!

Тақырыбы: “Күзгі асар” жәрмеңкесі

Міндеті: Балалардың күзгі егіннің табиғи материалдарымен орман табиғаттың көркем сыйларын пайдалана отырып, ата - аналармен бірге жасалған қолөнер бұйымдарынан жәрмеңке өткізу.

Музыка ойнап, әсем безендірілген залға балалар келіп кіреді.

Жүргізуші:

Қарсы алайық бәріміз,

Жасымыз бен кәріміз.

Қырдан кепті қыдырып,

Алтын күз бізге нұр төгіп.

Тілегім аман болсын ел іргесі,

Алтын күз қайта келді берекесі.

Молшылықтың жаршысы бола білді,

Алтын күз-ырыс, береке, бірлік ала келді.

Армысыздар бүлдіршіндермен мен ата-аналар, қадірлі қонақтар! «Күз сыйы» атты түрлі түсті жәрмеңкемзге қош келдіңіздер! Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.

«Көк майсалы көрікті, алқаптағы көп егін

Бұл күндері киіпті, сары жібек көйлегін» - Бұл не, балалар? (Күз мезгілі)

Адия

Қуандырып біздерді, кел жемісті алтын күз.

Өлкемізге күз келді, кемелденсін халқымыз.

Жеміс мол теретін, күз дос екен бізбенен

Бәрін тауып беретін, жомарт екен күз деген.

Фариза:

Жетті желмен алтын күз,

Жеміс жинау салтымыз

Жиып-теріп болған соң

Нұр келді:

Той жасайды халқымыз,

Мол өнімді жинаймыз

Елге бәрін сыйлаймыз.

Еламан:

Қыстың жақын қалғанын, жапырақтар білгендей,

Желмен ұшып барады, жерге қонып үлгермей

Жапырақтар жамырап, сайға барып бекінді,

Анасынан ажырап, қалған бала секілді.

Ясина:

Жатыр дала жалтылдап, жаз шуағы мол құйды,

Күн астында алтын дән, тербеледі толқиды

Көктемде егін егетін, күзде жиып беретін

Біздің дала бай дала, астық толы айнала.



